ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан

АҚМЕШІТ жастары

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 45 (426)
11 қараша, 2021 жыл

Гүлдана ЖҰМАДИН

Ислам ҚҰРМАНИЯЗОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Археология және этнография» ғылыми орталығының ғылыми қызметкері:

МҰРАЖАЙ-ҚОРЫҚ АШУДЫ ҚОЛҒА АЛАТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ

– Қайырлы күн! Бүгінде археология саласында жаңалық жетерлік. Мысалы, Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай көптеген кешенді археологиялық экспедиция жүргізілуде. Солтүстік Қазақстан облысындағы Ботай қонысы, Орталық Қазақстандағы қола дәуірі қоныстары және ортағасырлық Отырар, Күлтебе, Сауран қалаларындағы зерттеулер сөзімздің дәлелі. Ал Сыр бойындағы зерттеулерге келсек, сақтардың Бәбіш-молда, Алтын-Орда дәуірінің Қышқала қалашықтарына археологиялық қазба жұмыстары ұйымдастырылды. Әсіресе, Қорқыт ата атындағы ҚҰ-дың «Археология және этнография» ғылыми орталығы ортағасырлық Жанкент, Сортөбе, Асанас қалашықтарын зерттеу кезінде тың деректер тапты.

Соның ішінде 2014 жылдан бері ортағасырлық Жанкент қалашығын зерттеу үздіксіз жүргізілін келеді. Қазіргі таңда қалашықтың шығыс қақпасы толық ашылды. Солтүстік-батысындағы цитаделде 6 мұнара мен қамал қабырғалары табылды. Сондай-ақ қалашықтағы бірнеше үйдің төбесі жабылып, бөлме қабырғалары қайта қалпына келтірілді. Зерттеу барысында табылған қыш құмыралар Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану мұражайы мен «Археология және этнография» ғылыми орталығының көрме залына әкелінген. Кешенді қазба жұмысының нәтижесінде қала ашық аспан асты музейіне айналуға дайын деп айтуға болады.

Екінші нысан – ортағасырлық Сортөбе қалашығы. Ескерткіш Қорқыт ата мемориалдық кешеніне жақын орналасқандықтан жүйелі ізденіс қолға алынды. Сортөбе қалашығының жанынан Сортөбе-2 және Сортөбе-3 қалашығы табылып, біршама зерттеу жұмысы жүрді. Айта кететін жайт, бұған дейін Сортөбе қалашығының жиегін су шайып, апаттық жағдайда болған. Зерттеу жұмысы кезінде қазбадан алынған топырақ қаланың су шайып жатқан бөлігіне төселіп, мұраның жойылып кету қаупін сейілттік. Өкініштісі, биыл қалашықтардағы қазба жұмысы тоқтатылды. Егер Сортөбеде зерттеу экспедициясы жалғасса, аймақтағы туризмнің дамуына әсер етер еді.

2

– Қайырлы күн, Ислам! Жағдайыңыз қалай? Соңғы кезде археология саласындағы тың жаңалықтар жиі айтыла бермейді. Сондықтан әңгімемізді саладағы өзгерістер мен жаңа жобалардан бастайықшы. Қазір қандай тақырып бойынша зерттеу жұмысы жүргізілуде?

STORYTELLING

АРУЖАН СӘПИЕВА ЕКІ АЙДА ҚАЛАЙ МИЛЛИОНЕР АТАНДЫ?

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Аружан Сәпиева – 19 жасында миллионер атанған жас кондитер, «BalZere» мектебінің үздік түлегі. Жаңақорған ауданы, Қожакент ауылының тумасы қазір халықаралық қазақ-түрік университетінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4 курсында білім алуда. Жас кәсіпкермен тәттілер әлеміндегі жетістігі жайлы әңгімелесіп, табысты болудың құпиясын кеңірек жазуды жөн көрдік.

Аружанның негізгі мамандығы кондитерлікке қатысты болмаса да, тәттілер пісіруге карантинның ықпалы болыпты.

– Негізінде тәтті пісіруге мүлдем қызықпайтын едім. Тіпті, пирог жасауды да білмейтінмін. Өздеріңіз білетіндей, карантин уақытында жастардың басым бөлігі отбасын құрды, менің де құрбыларым тұрмысқа шықты. Мен де бір күні бір әуліттің келіні болатыныымды, ешқандай тәтті пісіре алмайтыныымды ойладым. Жай ғана отбасымды қуанту мақсатында ізденіп, мастер-класстарға қатыса бастадым. Ол кезде торт пісіріп, ақша табу мүлдем ойыма келмеген. Инстаграммен танымал фуд-блогер Әсел Жұматайдың жазбаларын үзбей қарап жүретінмін, сол кісідей болу арманым еді. Жас болса да, қолынан келмейтіні жоқ. Біріншіден, әртүрлі тәттілерді пісіріп, видеосын әлеуметтік желіге жүктеп, қаншама қызға пайдасын тигізуде.

Екінші жағынан, отбасының разылығын алуда. Шынымды айтайын, басында торт жасау оңай болмады. Торттың қорждары көтерілмей қалатын, көтерілсе, қатты болатын, тіпті кейде құрамына қопсытқыш салуды ұмытып кететінмін. Тортым дұрыс шықпаса, «неге басқалардың қолынан келген істі мен жасай алмаймын?» деп жылайтынмын. Бірақ, ешнәрсе демде болмайды ғой, тәжірибе жүзінде қолды жаттықтырып, уақыт өте үйренеді екенсің, – дейді Аружан.

Осыдан кейін Аружан белгілі фуд-блогердің өзінен сабақ алуға тәуекел еткенін айтады. Онлайн жүргізілген курс сабағын Аружанға әкесі сатып алып берген екен.

– Жақында Әсел ханымның «Балзере» кондитерлік мектебі ашылды. Онлайн түрде оқытылған курс ұзақтығы 2 айға созылды. Бұл курсқа білімімді одан әрі жетілдіру үшін қатыстым. Қазір ең үздік студент атанып, ең үлкен статуэтка мен қызыл диплом иелендім. Осы курстың арқасында 2 айда 1 700 000 теңге табыс таптым. Жақында 20 жасқа толуыма орай әкеме жаңа көлік әпердім. Бұл – мен үшін үлкен жетістік. Ең алдымен Жаратқанның және мені қолдап отырған ата-анамның, сосын сенім білдірген тапсырыс берушілердің арқасында деп білемін. Қазіргі таңда бірнеше ауыл, аудан, тіпті қаладан да тапсырыстар түсуде. Мұндай нәтижеге жету үшін күніне қанша сағаттан жұмыс істегенімді білмеймін. Бір білетінім, күні-түні торт жасап, түнгі 4-5-те ұйықтап, таңғы 7-де қайта тұрып, торт пісіретін кездерім болды.

«Балзере» мектебі тек қана табиғи, денсаулыққа кері әсері жоқ өнімдерден торт жасауды үйретеді. Негізі торттың құрамындағы заттарға көп көңіл бөлемін, себебі, тапсырыс берушілердің денсаулығы мен үшін маңызды. Адал, ҚМДБ сертификаттаған өнімдерді ғана пайдаланамын десем де болады. Торттарға қажетті өнімді Түркістан қаласындағы «Декор» дүкенінен аламын. Өзім осы Түркістанда оқимын. Әр апта ауылға қайтарда торттың заттарын өзіммен бірге алып келемін, – дейді жас кондитер.

Гүлдана ЖҰМАДИН

ЖЕТ ДІТТЕГЕН ЖЕРГЕ ЖЕТКІЗЕДІ 3

IT-МЕКТЕП – МҮМКІНДІК МЕКЕНІ 5

ЖАС ФУТБОЛШЫЛАРҒА ЖІГЕР БЕРГЕН 7

ОЙ-ТҰРТКІ

Гаджет пе, әлде кітап па?

Қазір қағаз бен қаламды жиі пайдаланбаймыз. Компьютер бар. Кітапты парақтағаннан гөрі ғаламторға жүгінеміз. Білмегенді «Google» айтады. Содан болар, «Интернет оқырманды жаулап алды. Онда отырған жастар әдебиетті ұмытты» деген пікір бар. Кеше «Kun.kz» диалог платформасында күйіп тұрған мәселе күн тәртібіне шықты.

Мөлдір СНАДИН

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен бірлескен «Orda Ideas» өңірлік сарапшылар алаңында «Интернет заманында кітап оқу өзектілігі өзгере ме?» деген тақырып талданды. Білім саласында тәжірибесі мол қоғам белсендісі Мұрат Әбенов жетекшілік еткен аланда Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ергалиев, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбітқұл Кәрімова, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Шахмардан Байманов, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов пен облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова біржақты пікірмен шектелмей, жан-жақты сараланған ой қосты. Қоғамды қандай туындылармен селт еткізуге болатынын айтып, жастар арасында кітап оқуды трендке айналдырудың жолын жеткізді. Басқосуда облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов кітап оқу бір басқа, тандап оқу бір басқа екенін алға тартты.

– Жастар арасында әлеуметтік желіге байланғандар бар. Бос уақытын кітап оқуға емес, телефонға үңілуге арнайды. Сондықтан біз кітапқа деген құштарлықты сақтап қалуымыз керек. Кітап оқу бір басқа, тандап оқу бір басқа. Осыны ескерген жөн, – деді Н.Сейітқалиұлы.

Бұл ойды Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбітқұл Кәрімова жалғады. Спикер заман дамыған сайын талғам өзгергенін, бүгінде әдеби кітаптардан гөрі мотивациялық, іскерлік, ғұмырбаяндық кітаптардың тұсаукесері жиілегенін жасырмады. Сөздің жаны бар. Жетістікке жеткен әнші, продюсерлер осы күні «Қалай тез баюға болады, қалай бақытты болуға болады?» деген сарында кітап шығаруға құмар. Нағыз әдебиеттің, классиканың оқырманы жеңіл кітаптың жетегінде кеткені алаңдатады. Бұл ретте білім саласының мамандары кез келген оқырман өз қызығушылығын оятатын жанрларды анықтап алуы қажет деген ой айтты.

Пікір алаңында облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова биыл «Балалар әдебиеті жылы» екенін еске салып, жақында облыстағы мектептің бірінен балалар кітапханасы ашылатынын хабарлады. Бұл бастама кітапқұмарлар санының артуына, кітап оқу мәдениетінің қалыптасуына септесері анық.

Танымдық жиында біз кітап оқуға қатысты түрлі кеңестерге қанықтық. Спикерлер гаджетті әурелегенше, орнына электронды кітапқа назар салуды ұсынды. Шетелдік авторлардың кітаптарын «royalib.com», «tululu.org», «litres.ru» сайттарынан, ал қазақша электронды кітаптарды «kitap.kz», «adebietportal.kz» сайттарынан оқуға шақырды. Бастысы, ғаламтордан алған білім тек ақпарат ғана, ол сананы астан-кестең ететінін, ал астан-кестен білім биікке жетелемейтінін алға тартты. Оның үстіне күншығыс білімпаздары иісі мұрын жаратын «кәдімгі» кітап рухани жетілуге ғана емес, тән саулығына да пайдалы екенін дәлелдеді. Біз естігенімізді айттық, ойлы оқырман. Бұған қандай ой қосасың? Сізге жақыны гаджет пе, әлде кітап па?

Baspasózge jazylý – 2022

40-11-10 телефонына хабарласып, үйден жазылуға болады.

6 айға – 2000 теңге
Газет индексі – 65425

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Статистика деректеріне сәйкес, елімізде NEET санатындағы жастардың үлесі 6,9 пайыз құрайды. Бұл – оқымайтын, жұмыс істемейтін және біліктілігін арттырмайтын жастар. Ынтасыз жастардың 52 мыңы үй шаруасындағылар, басым бөлігі – жас аналар. Дәнсаулық жағдайына байланысты жұмыс істемейтіндер – 33 мың. Президент Жолдауда осы түйткілге алаңдайтынын білдіріп, мәселені шешудің жолын нұсқаған болатын.

NEET САНАТЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫ ҚАЛАЙ АЗАЙТАМЫЗ?

Қазір аталған топты қолдау кәсіптік бағдарлау, кәсіби оқыту, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту және әлеуметтендіру бағыттары бойынша жүруде. Бұдан бөлек, осы аптада «Жастар ресурстық орталықтары» алқасының бірінші отырысы өткізіліп, еліміздің барлық өңіріндегі ресурстық орталықтар жұмысының қорытындысы шықты. Мұнда Қазақстандағы NEET жастарының санын есептеу мен анықтаудың жаңа алгоритмі таныстырылды. Ол тиімді жұмыс істеу үшін NEET жастарының өңірлік электрондық деректер базасын қалыптастыруды көздейді.

Айта кетейік, облыста аталған бағыт бойынша жұмыс қарқын алды. Қарашадан желтоқсан айына дейін барлық ауданды қамту жоспарланып отыр. Соның негізінде аймақ жастарының әлеуметтік картасы әзірленбек.

«БИЗНЕСТІ НӨЛ ДЕН БАСТАУҒА БОЛАДЫ»

Кәсіп бастап, бизнестен береке табуға асық жастар үшін маман кеңесі маңызды. Жақында облыстық «Жастар ресурстық орталығында» өткен кездесуде осы мәселе ескерілді.

«Бизнеске арналған үкімет» КММ қызмет көрсету бөлімінің басшысы Ботагөз Мамырбекқызы мен «Атамекен» ҰКП облыстық филиалының бөлім басшысы Жасұлан Сақтапбергенұлы жетекшілік еткен жиында саладағы күрмеулі мәселелер көтерілді. Жастар келер жылы өтетін қайтарымсыз гранттар конкурсына қатысты сауалдарына да жауап алды.

Бір сағаттық кездесуден мол мотивация жиған қатысушылар бизнесті қалай 0-ден бастауға болатынын және бизнес жоспар құруда нені ескеру қажеттігін түйді.

БАБАҒА ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА МІНДЕТ

Сырдариялық жастар мұны мықтап қаперге алған. Жақында олар аудан әкімі Мұрат Ергешбаевпен бірге Іңкәрдария ауылында орналасқан Мүлкілән кесенесіне барды. Мұнда тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау, жаңғырту, насихаттаудың маңызы зор екендігі айтылды.

– Ұлттық рухымыз, қасиетті де киелі мекенімізде орналасқан тарихи-кесенелерді, ескерткіштерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз, – деді аудан басшысы.

Жастар әулие басында тәу етіп ғана қойған жоқ, кесене маңын тазартып, сенбілік жұмыстарына кірісе кетті. Тарихты парақтасақ, жүз жыл ғұмыр кешкен Мүлкілән әулиенің өмірі «Қыш қала» мекенінде өткен. Оны ұламалығы, емшілігі, аузы дуалылығы үшін ел әулие атаған екен. Ал мұндай бастамалардан жастар рухани азық алатыны айқын.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ НАЗАРДА

Қарашаның алғашқы күндерінен бастап Қазалы ауданында NEET санатындағы жастармен жұмыс істеу қарқыны артты. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында аудан әкімі Мұхтар Оразбаев баяндады.

Облыс төңірегінде NEET санатындағы жастармен жұмыс қараша айына бекітілген. Аудандар арасында қазалылықтар алғаш болып, санатқа енетін жастардың дерекқор базасын жасақтап, аймақ жастарының әлеуметтік картасын әзірлеуге көшкен. Жалпы жинақталған мәліметтерге сараптама жасалып, жастар арасындағы жұмыссыздықпен күрес, маусымдық жұмыстарды және өзін жұмыспен қамтитын азаматтардың қызметін заңдастыру секілді кешенді шаралар қараша айында жүзеге асуы тиіс.

Брифингте аудан әкімі NEET санатындағы жастарды жұмыспен қамту үшін түрлі жәрмеңкелер ұйымдастырылып жатқанын алға тартты.

– Қазір аудан халқының 23,7 пайызы – жастар. Биыл Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыруға 21,5 млн теңге қаржы бөлінді. NEET санатындағы жастар үшін мәдени, спорттық шаралар, акциялар мен семинар-тренингтер ұйымдастырылуда. Бастысы, жұмыссыздық пен қылмысты азайтумыз керек. Бүгінде 10 «Бос жұмыс орындары» жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеге 267 жұмыссыз жас қатысып, 101-і тұрақты жұмыспен қамтылды. Мұндай маңызды мәселелер кезең-кезеңімен шешіледі, – деді аудан әкімі Мұхтар Оразбаев.

Ерасыл ШӘРІБЕК

Жалағаш ауданы әкімінің «Жалын» жастар сыйлығы биыл да білімді-білікті, жан-жақты, креативті әрі жаңашыл идеяға толы жастарға табысталады.

«ЖАЛЫН» ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫНА БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНДЫ

Байқауға үміткер ретінде 29 жасқа дейінгі жоғары кәсіби жетістіктері бар аудан жастары қатыса алады. Жеңімпаздар «Білім және ғылым», «Еріктілік», «Спорт», «Медицина», «Кәсіпкерлік», «Мемлекеттік қызмет», «Үздік оқушы», «Мәдениет, «Ерлігі үшін», «Ауыл шаруашылығы» номинациялары бойынша марапатталады.

Құжаттарды қабылдау 26 қарашаға дейін жүзеге асырылады. Қосымша ақпаратты Желтоқсан көшесі №11 үйде орналасқан аудандық «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады.

Шиелі ауданында өнерлі жас отбасылар сайысты. Бірнеше кезеңнен тұратын байқауда қатысушылар тек ән-жыр айтумен шектеліп қалған жоқ.

ӨНЕРЛІ ОТБАСЫ АНЫҚТАЛДЫ

Олар салт-дәстүрмен сабақтасқан сұрақтарға жауап беріп, отбасы құндылықтарын дәріптейтін көріністерді көрермен назарына ұсынды. Бір сөзбен айтқанда, ата-бабадан мирас болып қалған мәдени мұраны жеткіншектердің зердесіне сіңіре білді. Топтан дара шығып, жиналған қауымның ағлысына бөленгендердің қатарынан Зинабдиновтар отбасы табылды. I орынды Асановтар отбасы алса, II орын Өмірбаевтар отбасына бұйырды. Ал III орынды Қожахметовтер отбасы қанжығасына байлады.

Қатысушылар бұл бастаманың балалар үшін берері мол екенін алға тартады. Ұйымдастырушылар да отбасы – ең қымбат қазына, өмірдің өзегі екендігін, мұндай тағылымды шараларды ұйымдастыру дәстүрге айналып келе жатқанын айтуда.

БАЛАЛАР РОБОТТАРДЫ БАҒЫНДЫРЫП ЖАТЫР

Робототехника саласы оқушыларға жаңа технологиялық жетістіктермен танысуға, IT-технологияларды жылдам меңгеруге мүмкіндік беруде. Біздің өңірде де оған қызығушылық танытатын инноваторлардың саны артты. Әсіресе, аудандарда.

Жақында Жаңақорған ауданды «Жастар ресурстық орталығының», «Жастар одақтары» ҚБ ұйытқы болуымен өткен өнертапқыштар сайысынан осының байқадық. Балалар күрделі ғылыми сұрақтардың жауабын іздеп, жаңа үлгідегі бағдарламалар турасында пікір алмасты. Өздері жасаған роботтарды таныстырып, көпті таңғалдырды.

Бұдан бөлек, робосуммо сайысында өзара бақ сынады. Нәтижесінде I орынды №195 мектеп гимназиясының 9-сынып оқушысы Сұңғат Құлтас жеңіп алды. II орынға аудандық оқушылар үйінің шәкірті Мейіржан Нұрдаулетұлы лайықты деп танылды. III орын иегері – №51 орта мектебінің 8-сынып оқушысы Нұрлыбек Сәрсенов.

ТАҒЫЛЫМҒА ТОЛЫ КҮН

Мемлекет және қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Өмірзақ Озғанбаев өңірге арнайы келіп, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымымен кездесті.

Жиында университет ректоры Бейбітқұл Кәрімова Өмірзақ Озғанбаевтың Сыр елін дамытуға қосқан үлесі, түрлі саланы жандандыруға қосқан еңбегі жайлы әдемі әңгіме өрбітті. Кездесуге облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Күләй Ермағамбетова, Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Тәуіпбаев, университет ардагерлері, профессор-оқытушылары және жас ғалымдар, студенттер қатысты.

Айта кету керек, Өмірзақ Озғанбайұлы еңбек жолын білім беру саласынан бастап, «Білім» облыстық ұйымы төрағасының орынбасары, Маңғыстау облыстық педагог кадрларды даярлау, кәсіптік оқыту басқармасының өңірлік институтының директоры, Қазақ КСР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық оқыту орталығының директоры, Маңғыстау облысы білім департаментінің басшысы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім беру академиясының президенті, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің проректоры қызметтерін атқарған. 1994-1995 жылдары Қазақстан Білім және Ғылым министрлігінің жаңа технологиялар комитетінің мүшесі, 1996-1999 жылдары ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Аймақтық даму және жергілікті басқару комитетінің төрағасы ретінде жауапкершілігі өте жоғары, ауқымды жұмыстарды жүргізді.

Бүгінде «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңес төрағасының орынбасары қызметін атқаратын азаматтың өмір жолы жастарға үлгі-өнеге.

Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі ерекше шара әлі ел аузында. Республикалық көгершіндер көрмесінің өтуіне атсалысқан «Қазалы көгершіндер» клубына, аудандық «Жастар ресурстық орталығы» және «Қазалы-Жомарт» қоғамдық бірлестігіне жұртшылық риза.

КӨГЕРШІНДЕР КӨРМЕСІ ӨТТІ

Бейбітшіліктің символына айналған құстар көрмесіне елдің әр түпкірінен 170-тен аса құсбегілер қатысты. Олар ортақ тәжірибе алмасты, селекцияландыру мәселесін қозғады. Шара барысында көгершіндердің спорттық жарысы ұйымдастырылып, жеңімпаз құсшыларға номинация бойынша дипломдар мен кубоктар, ардагер құсшыларға естелік сыйлықтар табысталды.

Бетті дайындаған: Мөлдір СНАДИН

«ИДЕЯМДЫ БӘРІ ФАНТАСТИКА САНАДЫ»

Елімізде өзгелерден озық шығып, талабымен топ жарғандар аз емес. Осыдан бірер жыл бұрын «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қолға алынған «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы Мәулен Бектұрғанов солардың қатарында. Жас инноватор 6 жыл бұрын «MBionics» компаниясының негізін қалады. Бүгінде оның қолынан шыққан «Жасанды бионикалық протез» қаншама адамның өмірге деген құлшынысын арттырып отыр. Бұл туралы Мәуленнің өзі әңгімелеп берген еді.

Зерек ойлы жас кішкентайынан ізденімпаздығымен дараланып, мектепті үздік тәмамдаған. Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде бағдарламашы мамандығы бойынша білімін шыңдаған. Аталған білім ошағына оқуға түскеннен кейін ғылыммен айналысуға жарқын жол ашылыпты. Адам мен техниканың байланысы өзін үнемі қызықтыратын ол 2015 жылы адам бұлшық етінің көмегімен басқарылатын ерекше протез құрылғысы көріп, «Неге осы бағытта өз мақсатымды іске асырмасқа?» деген ойда қалады. Көп ұзамай бір шешімге келген Мәулен «Протезді электромиография сигналымен басқару» дипломдық жұмысының аясында қолға алған. «Zhastar Innovation» стартап-жобалар байқауында 500 мың теңге ұтып алып, университет зертханасында прототип дайындауға кіріскен. Осылайша Қазақстандағы тұңғыш бионикалық қол протезін әзірлеген. III топтағы мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған құрылғы олардың өміріне елеулі өзгеріс әкелуге септеседі екен. Протез адам қолының функционалын барынша қайталайды және импульс арқылы белсендіріледі. Теңдессіз еңбегі арқылы Мәулен отандық ғылымға серпіліс сыйлады.

– Бастапқыда идеямды бәрі фантастика санады. «Бұған дейін шығарылған затты не үшін қайта жасап жатсың?» дегенді жиі еститінмін. Бірақ мен бұл құрылғылардың өз елімде шыққанын, қолжетімді бағада болғанын қаладым. Америкадан құрал-жабдық алып, жұмыс істей бастадым. Мұның өзі оңай болған жоқ. Біреуі сынып жатса, екіншісі күйіп жатты. Бірақ мақсатымнан айнымадым. «MBionics» компаниясын аштым. Енді тек қол емес, шынтақ, иықтың қызметін атқаратын электрмеханикалы протез жасап шығаруды ойлаймын. Сондай-ақ, әдеттегі протездерде 20-дан астам функция болғандықтан, оны басқаруға да, ауыстыруға да мейлінше көп уақыт кетеді. Уақытты үнемдеу үшін автоматты түрде басқарылып, өздігінен қозғалатын жасанды қол жобасын реттеудемін. Жалпы әрбір адамның қолының зақымдануы, жаралануы және бұлшық еттерінің сезімталдығы әртүрлі. Бастапқыда бір протез қолды зерттеп, жетілдіріп, жасауға 8 ай кеткен. Енді қазір барлық жабдығымыз түгелденіп, бағдарлама қалыптасқаннан кейін бір өнімді екі апта ішінде жасап шығаруға дайынбыз, – дейді Мәулен.

Кейіпкеріміз әңгіме барысында Денсаулық сақтау министрлігінің теориялық тұрғыдан үлкен көмек көрсеткенін, бұған дейін Алматы протез орталығымен ынтымақтаса жұмыс істеу туралы меморандумға қол қойылғанын айтты. Ал «Мұндай дүние жасап, науқастарға ұсыну үшін медициналық білім қажет емес пе?» деген сауалға ол медициналықтан гөрі протездеу жобасын меңгеру маңызды екенін алға тартты.

– Ресейде протез жасау мамандарын дайындайтын колледж бар. Өкінішке қарай, бізде әлі ондай оқу орны жоқ. Дегенмен осы салаға қатысты әдебиеттерді, ғылыми еңбектерді оқып, әрдайым шеберлігімді шыңдап келемін. Оқу мен ізденіс маман ретінде шыңдай түседі. Бұл – жауапты жұмыс. Жасап шыққан бионикалық қол мүмкіндігі шектеулі жандардың көңілінен шықса деймін. Әрбіріне 2 жыл кепілдік беріледі. Содан кейін протез жүйесі бойынша өзгеріс енгізіп отырамыз. Құрылғының құны шамамен 2 мың АҚШ долларын құрайды. Әрине, бұл жерде қолдың зақымдану, жаралану деңгейі, бұлшық еттің сезімталдығы және адамның жұмыс орны сияқты факторлар да аппарат құнына әсерін тигізеді. Ал шетелде жасалатын бионикалық протез қол 30 мың доллар тұрады, тіпті одан да жоғары бағаға сатылады, – дейді жас өнертапқыш.

Мәуленнің алғашқы бионикалық протезін 12 жасында қатерлі ісікке байланысты қолынан айрылған Әкежан Арынғазы қолданыпты. Бұл протезді автор оған сыйға тартқан. Бастапқыда шетелден жасанды қолды тапсырыс беруге мүмкіндігі болмаған Әкежанның отбасы Мәулен Бектұрғановтың компаниясы жайлы естігенінде, көз жасына ерік берген. Бар жігерін білімге арнап, ғылымға ден қойған талантты жастың еңбегі нәтижесіз емес. Бастысы, ол көптің күдігін үмітке алмастырды.

Мөлдір СНАДИН

«Тұраннның» тартыы

Арал ауданында тек балық өнімдері ғана емес, құрылысқа қажетті заттар да шыға бастады. Жобаны қолға алған жас кәсіпкер Асхат Алдабергенов мемлекеттік бағдарлама арқылы қайтарымсыз грантпен 2 млн теңге ұтқан. Ал қосымша қаржыны өз қалтасынан құйыпты. Қазіргі таңда арзан бағадағы сапалы өнім сатылымға шығып үлгерген.

– Бастама 3 жылдан бері ойымда жүрген. Біздің өңірде құрылыс заттарын өзге аймақтан әкелетіндер жеткілікті. Неге сырттан әкелмей-ақ өз ауданымызда мұндай қажет дүниені шығармасқа? Сондай ынта-жігермен бастап кеттік. Қазір жиі қолданатын сырлы кірпіш (кафель) жапсыруға арналған құрғақ қоспа, яғни желім дайындаймыз. Украиндық құрылғы орналасқан шағын цехта күніге 10-12 тоннаға дейін өнім шығарылады. Тапсырыс түссе, одан да көп мөлшерде өндіреміз. Ал аймаққа «Тұран» есімі тән болғандықтан өнімге де осындай брендті атау бердік, – дейді Асхат Алдабергенов.

Аралдық өнімге сұраныс тым жоғары. Аудан тұтынушыларынан бөлек, Сексеуіл мен Жақсықылыш кентіне жеткізілуде. Байқоңыр қаласы және көрші Қазалы, Ырғыз аудандарымен келісім-шарт жүргізілуде. Жеке кәсіпкер өз идеясын іске асырып ғана қоймай, жергілікті жерден 5 адамды жұмысқа алған. Алдағы уақытта құрылысқа қажетті желімнің басқа да түрін шығаруды қолға алмақ.

Ержан ҚОЖАС

Жаһандану заманында тың жаңалықтар шаһардың шырайын келтіреді. Заманауи LED экрандар, жаяу жүргінші жолындағы субұрқақ, көркі көз тартар орындықтар осының барлығы қала халқының қуанышына айналуда. Бұл қатарды енді жаңа электрлі самокаттар толықтырып отыр. Тұрғындар діттеген жеріне таза ауамен тыныстап, шаршамай жете алады.

JET ДІТТЕГЕН ЖЕРГЕ ЖЕТКІЗЕДІ

JET атауындағы самокаттар жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен қырқүйек айынан бастап пайдалануға берілді. Әу баста түсініспеушілік орын алғаны жасырын емес. Дегенмен қызылордалықтар жаңа жобаға үлкен қызығушылық танытуда. Адамзат баласы жақсыға тез үйренеді емес пе, электрлі самокат айдаушылардың қатарында жастар, ересектер де көбейген. Арасында тың жүйеге сүйсініп, ұнап жатқандары да көп, сүрініп-құлап жатқандары да баршылық. Таңғаларлығы, тұтынушылар самокатты діттеген жеріне жеткенде немесе қаланың кез келген бұрышына тастап кетуде. Себебі онда заманауи GPS құрылғылары орнатылған. JET-ке жайғасу үшін «Play Market» бағдарламасынан «BasyFly» қосымшасын жүктеп алуы шарт. Байқағанымыздай, жоба ресейлік кәсіпкерлердікі екен. Мәскеу, Санкт-Петербург қалаларындағы тұрғындар үшін бұл электрлі самокаттар күнделікті тіршіліктің ажырамас бөлігіне айналып кетіпті. Ал жобаның ел аумағына келгені кеше ғана.

– Тұрғындар үшін электрлі самокаттар өте қолайлы. Қырқүйек айынан бастап қаланың 5 нүктесіне 250 самокат орналастырдық. Самокаттар «BusyFly», «iOS» және «Android» жүйелерімен жұмыс істейді. Оны қолданудың еш қиындығы жоқ. Самокатты жалға алу құны минутына - 30 теңге. Ал сағатына 1800 теңгені құрайды. Сағатына 15 шақырымнан 25 шақырымға дейін жылдамдықта қозғалады. Сонымен қатар самокаттарды тұрғындар қаланың кез келген жеріне қалдырып кете алады. Себебі біз кешкұрым барлығын GPS арқылы жинап, таңға дейін қуаттандырып қоямыз. Әу баста үйлеріне алып кету деген түсініспеушілік орын алды. Бірте-бірте мұндай жағдайлар саябырсыды. Сындырып қойғандары да болды. Қолды еткендерге арнайы әкімшілік жаза тағайындалды, яғни бір самокатқа 480 мың теңге айыппұл салынады. Қазір күн салқындағаннан кейін сұраныс азайды. Қыс мезгілінде самокатпен жүру тоқтатылады. Ерте көктемде 500-ге жуық жаңа JET халық үшін пайдалануға беріледі, – дейді жобаның жауапты өкілі Әділжан Жарықбаев.

Расында құрылғыны қолдану еш қиындық тудырмайды. Смартфондағы арнайы қосымша арқылы банк картасымен есептесіп, самал желмен жарысып, самғай бересіз.

Жаңа жоба туралы қала тұрғындарының пікірін білдік.

– Әрине, қала жұртының игілігі үшін іске асып жатқан мұндай жоба көңіл қуантады. Десек те самокатпен жаяу жүргіншілер жолы арқылы жастар қатты жүреді. Қалада автокөлік жолдарымен жүруі қажет дейін десең, ертеңгі күні машинаның астына түссе, тағы қиын. Ал бізде мұндай электрлі құрылғыларға, велосипед айдаушыларға арналған жолдар бірең сарең. Сондықтан жаяу жүргіншілер жолынан болса да самокат айдайтындарға арналған арнайы жолақ қажет сияқты, – дейді қала тұрғыны Арайлым Қасымова.

– Біздің қаланың мәдениетіне сай келмейтін секілді. Өйткені әлеуметтік желіде байқағанымыздай, көбісі самокатты қолды қылды. Бірі сындырды. Шыны керек қалаға мұндай жобалардың келуіне әлі ерте секілді. Нұр-Сұлтан, Алматы секілді мегаполистерге таптырмайтын құрал. Өйткені ол жақта кептеліс көп. Жұрт JET-пен жүріп-ақ уақытын үнемдейді. Ал бізде кептеліс жоқ, такси қызметі де қалтаға қонымды. Оның үстіне қоғамдық көлік те уақытылы қатынауда, – дейді Нұрбол Елемес.

Денсаулық сақтау сапасының мамандары самокаттың адам ағзасына пайдасы көп екенін алға тартады.

– JET самокаты іске қосылғанда қуанғандардың бірі мен болдым. Жалпы маман ретінде айтайын, самокат тренажер сияқты, оның көмегімен қозғалыс жасау оңай. Адам даму үшін жас ерекшелігіне сай қозғалуы керек. Жас бойынша қозғалыс белсенділігінің нормасы бар. Қазір балалардың жартысы әртүрлі жағдайларға байланысты қозғалыс тапшылығын сезінуде. Самокат – бұл тапшылықтың орнын толтырудың жақсы құралы, – дейді медицина ғылымдарының докторы Владимир Приз.

Санк Петербургтан тараған JET-тің қаламыз үшін жағымды жаңалық болғаны жасырын емес. Алайда шаһар тұрғындары жаңа құрылғыға бейімделе алмай жатқандай әсер қалдырды.

Ерасыл ШӘРІБЕК

«Ғылымсыз прогресс болмайды». Бұл – елімізде жүргізіліп келе жатқан ғылым мен жаңа технологияны дамыту саясатының басты аксиомасы. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымға қолдауды күшейтіп, жас ғалымдарға арналған зерттеу гранттарының санын арттыруды тапсырды. Ғылым әлеміне көрсетілген демеу, саладағы күрмеулі мәселелер жайлы саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Болашақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы ғылыми сараптамалық топтың мүшесі Мұрат Насимовпен әңгімелескен едік.

Мұрат НАСИМОВ:

«ЖАСТАР МАГИСТРАТУРАНЫ ҒЫЛЫМДЫ ДАМЫТСАМ ДЕП ОҚЫМАЙДЫ»

«БІР МАҚАЛАҒА 8 АЙ УАҚЫТ КЕТТІ»

– Дәл қазір елімізде ғылыми қызметті жоспарлы әрі қарқынды дамыту үшін қандай бастаманы қолға алу қажет деп ойлайсыз?

– Ғылым саласында жүргеніме биыл – 16 жыл. Тәжірибеге сүйене отырып, ғалымдарға жасалатын шарттар жағы қиын деп айта аламын. Ғылыммен айналасатын қызметкерлер негізінен екіге бөлінеді, оның бірі ғылыми зерттеу орталықтарындағы ғылыми қызметкерлер болса, екіншісі ғылымды оқытушылықпен ұштастырып жүрген мамандар. Негізгі жұмысымен ғылымды қатар алып жүрген оқытушылардың грант конкурстарына қатысуына мүмкіндік бар. Бұрын ол үш жылда бір рет ұйымдастырылатын. Ал қазір жыл сайын өтеді. Бірақ олардың барлығына бірдей қатысу мүмкін емес. Дайындық, уақыт тапшы. Оның үстіне кез келген жобаның өз жоспары болады. Қынжылтатыны, осындай тұста кейбір әріптестерім рейтинг қуып, нәтиже үшін емес, есеп үшін жұмыс істеп жатады. Осындайда біз сапа емес, сан қуып кеткендей көрінеміз. Мұны бір жағынан оқу жүктемесінің көптігімен байланыстыруға болады.

Менің өзім бірде-бір рет гранттық қаржыландыру конкурстарында орын алып көрмеппін, кейде балл жетпей қалады, кейде мамандардың қорытындысымен төмен баға беріледі. Келісетін, келіспейтін тұстар бар. Бір жағынан кез келген ғалым идеясын көп шығара бергісі келмейді. Менде де солай. Уақыт өте оны тағы бір адам өзіне түртіп, пайдаға жаратуы мүмкін. Әділ бәсекелестік болу керек, авторлық құқық та маңызды. Талап күшейтілгені орынды, дегенмен нюанстарды ескеру керек. Бір сөзбен айтқанда, грант беру кезінде нақты шарт жасалғаны дұрыс, оның өткізілу уақытына да мән беру керек. Өйткені процесс көп. Жоба үш тілде жазылады, порталға жүктеледі, тағысын тағы.

– Отандық ғалымдардың қызметі әлемдік деңгейде қалай бағаланып жүр?

– Қазақстан ғалымдарының жалпыәлемдік ғылыми ақпараттық кеңістікке кіруі маңызды. Халықаралық қауымдастық қандай да бір бағыт бойынша ақпарат іздеген кезде олардың алдынан қазақ ғалымдарының еңбегі де шықпай қалмайды. Мұндай жағдайда бізде «өмірге келген» ғылыми жаңалық пен жаңа технологияларды кең көлемде трансферттеуге жол ашылады.

"Web of Science" ("Thomson Reuters") және "Scopus" ("Elsevier") сынды шетелдің базалық сілтемелер қорына ғалымдардың қолжетімділігін арттыру арқылы біз елдегі ғылымның даму деңгейін, әлемдік ғылымның қай бағытқа бет алғанын күні бұрын біліп отырамыз. Осы арқылы ғылымның қай салаларын дамыту керегін бағамдауға мүмкіндік мол. Бастапқыда бұл бастаманы дұрыс қабылдамағандар болды, алайда уақыт өте оның маңызы байқала бастады.

Бүгінде отандық ғалымдар шетелдік рецензияланған журналдарда материалдарын жариялауға мүдделі. Сонымен қатар мысал ретінде айта кетейін, ұялы телефон мен таңғажайып технологиялардың қолданысқа енуі, химия әлеміндегі түрлі қоспалардың шығуы - ғылымның нәтижесі, ал саясаттанушылардың еңбегі көбіне көрінбей жатады.

Ғылымның өлшемі – халықаралық журналдарда материал жариялануымен өлшенуде. Өзімнің ең алғашқы мақаламды үгіт-насихат тақырыбына арнағаным есімде, оған 3 ай уақыт кетті.

Ал ең ұзақ жазған мақалам 8 айда аяқталды. Оған үздіксіз ізденіс, тоқтаусыз зерттеудің арқасында қол жеткіздім. Көпке топырақ шашудан аулақпын, бірақ ғалымдардың ішінде бір күнде мақала жазып, жариялап жүргендер жайлы естиміз. Олар көбіне «Хищник» секілді фишингтік сайттарда жарыққа шығып жатады.

Рецензияланатын журналдардың жалған сайттары бар, олар индекстелмейді, оны тек адрес арқылы ғана ажыратуға болады. Сонымен қатар процентиль, яғни көрсеткіш бар, ол жыл сайын ауысып отырады. Бұл – әлемдік кеңістікте отандық ғалымдардың рөлін нығайту бағытында қолға алынған жұмыстар. Жалпы, ғылым саласында ілгерілеу бар, бір қалыпта тұрған жоқ. Шетелдік журналдарға жіберілген материалдар да кері қайтқан емес.

«СТУДЕНТТЕР АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗБАЛАР ЖАЗУДЫ ҮЙРЕНУДЕ»

– Ел болашағы – жастардың ғылымға бет бұрысы қандай?

– Жастарда ғылымға ұмтылыс бар, бірақ қарқынды емес. Қазір магистратура академиялық, PhD ғылыми дәреже ретінде қалды. Мен көбіне студенттермен тікелей жұмыс істегендіктен байқайтыным, көп жас магистратураны ғылымды дамытамын деп оқымайды. Мектептерде қазір магистр дипломы бар мұғалімдерге табыс жоғары. «Қазір қандай зерттеу жүргізудесің, нәтижесі қандай?» деген сұрақ қойылғанда көбісі абдырап қалады.Сондықтан олардың басым бөлігі білімді жетілдіруді емес, қызметте өсу, табысты арттыру мақсатында келеді деп айтуға болады. Алайда жастардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру мақсатында қазір университетте академиялық жазбалар жазуды үйретуді қолға алдым. Бұл дәрістерде материал іздеу, контент, ивент талдау, ғалымдардың әртүрлі мәселелерге қатысты айтқан ұғымдарын саралау қамтылады.

Ғылым – қинауды қажет етпейтін сала, сондықтан біз жастармен бірлесе оны дамытуға күш салуымыз керек. Қай заманда болмасын, әр салада жетістікке жеткен адамдар қоғамның абыройлы тұлғасына айналған. Сондықтан біз білім озаттарын көбірек насихаттауға жұмыс істеуіміз керек. Адами құндылықтар қашан да біліммен, әдеппен, адамгершіліктен өлшенген.

– Министрлік деректері бойынша 2017 жылы Қазақстанда ғылыми зерттеу және әзірлемемен 386 ұйым айналысқан, олардың 7733-і 35 жасқа дейінгі жас ғалымдар екен. Ал соңғы жылдары қаржыландыруға мақұлданған жобалар мен бағдарламалар арасында гранттық және бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру аясында 35 жасқа дейінгі жас ғалымдардың үлесі едәуір артты деген дерек бар. Осыған қарап, жас ғалымдарды қолдау жұмыстары жүйелі деген пікірге қосыласыз ба?

– Иә, салада серпін бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жастардың көп оқып, ерінбей еңбек етуі үшін оларды ынталандыру маңызды екенін айтты. Жыл сайын мемлекет тарапынан 500-ге жуық жас ғалымды шетелдің үздік ғылыми орталығына жіберіп отыру, сонымен қатар жас ғалымдардың зерттеулеріне арнап жыл сайын 1000 грантты бөлу қажетті шаралардың біріне айналды. Бұл – жас ғалымдарды қолдау жаңаша сипат алады деген сөз.

«ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНДЕГІ КИБЕРКЕҢІСТІК РӨЛІН ЗЕРТТЕУДЕМІН»

– Бірқатар ғылыми еңбектің авторысыз, алда тағы қандай жоспар бар?

– «Болашақ» университетінің құрылтайшысы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Бақберген Досмбетовтың қолдауымен «Саяси жарнаманың Қазақстан Республикасында дамуы», «Сананы жаңғырту бағыттарының мәні, мазмұны және түсініктері» тақырыптары бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізілуде. «Сананы жаңғырту бағыттарының мәні, мазмұны және түсініктері» ғылыми-зерттеу жобасы аясында осы уақытқа дейін 31 еңбек жарық көрді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айқындалған сананы жаңғыртудың бағыттарын жүйелендіру үшін жазылған 9 баспа табақтан тұратын «Сананы жаңғыртудың 6 бағыты: мәні, мазмұны және түсініктері» монографиясы жарияланды. 2020-2021 оқу жылынан бастап осы жобаны іске асыру барысында әзірленген «Рухани жаңғыру: қоғамдық сана мен тарихи сананы жаңғырту» пәні «Болашақ» университетінің оқу процесіне енгенін үлкен мақтанышпен айта аламыз. Ғалымдар арасында тарихи сана түсінігін шартты түрде үш деңгейде қарастыру кеңінен таралған: мифологиялық, идеологиялық және ғылыми-философиялық. Уақыт мифологиялық санада туындайды және көрініс табады. Ұлы даланың мифологиялық материалдары бұл мақсатты толықтай қамтитындығы белгілі.

Идеология – тарихи сананың мағыналық өзегі. Ол қоғам тұтастығының уақыт өлшеміндегі өткені, бүгінгісі мен келешегін қамтамасыз етеді. Ал ғылыми-философиялық деңгей болса, тарихи сананың ұтымды дәйектемелерін құрып, тарихи тәжірибені жинақтықтайды.

Қазақстандықтардың тарихи санасын жаңғырту үшін бірнеше ірі жобаларды жүзеге асыру қажеті белгілі болды. Жаңа пәнді әзірлеу және енгізу барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларынан туындаған мәселелерді теориялық талдауды мақсат еттік.

Ұлттық және қоғамдық сана, тарихи сана ұғымдарын түсіндіру, сананы жаңғырту бағыттарының мәні, мазмұны және түсініктерін жүйелеу, қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған жобалар және оның нәтижелерімен таныстыру, Ұлы даланың жеті қыры ретінде көрсетілген түсініктерді талдау, тарихи сананы жаңғыртуға бағытталған жобалармен таныстыру – негізгі міндет. Алдағы уақытта аталған пәннің оқу құралын жарыққа шығаруды жоспарлап отырмыз. Жалпы, жоба ғылыми нәтижелерді оқу үрдісіне енгізу мен қатар жаңа ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, тың идеялар туғызуға септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде бұдан бөлек «Жастардың әлеуметтенуіндегі киберкеңістік рөлі» тақырыбын зерделеудемін. Бұл ой маған еңбек демалысы уақытында келді. Бір сайтқа көзімше кибершабуыл жасалды, осы жайт тақырыпты таңдап алуыма түрткі болды. Бүгінде әлеуметтік желінің мәдениеті, оның қоғамдағы рөлі, желідегі кез келген мәселеге қатысты наразылық белсенділіктерін анықтау және кері байланысты зерделеу назарымда.

– Бір сұхбатыңызда «Алдыңғы қатарлы елдер жер қойнауындағы қазбаны емес, адамның ақыл-ойын басты байлық санайды. Сондықтан «Білім экономикасы» қағидаларына сүйену арқылы Орталық Азиядағы беделімізді арттыру стратегиялық міндетін жүзеге асыра аламыз» деген екенсіз…

– Дамыған елдер де ілім іздеп, білім жетілдіру бірінші орында. Әлемдік практикаға көз жүгіртсек, бір ғана Сингапур мемлекетінде үздіксіз білім алу мәселесі жүйелі жолға қойылған. Мұнда табиғи ресурс аз болғанмен, билік адами капиталды және өмір бойы білім алу тұжырымдамасын дамытуға күш салып отыр. Себебі олар XXI ғасырдың сауатсыздығы – ізденбеу, қайта даярлаудан өтпеу деп біледі. Біздің елде де бұл саладағы қарқын қарымды. Елімізде азаматтардың өзін жетілдіруі, білімділігі мен білікті болуы назарда. Жалпы, білім экономикасының негізгі факторы – адами капитал. Пандемия уақытында біз денсаулық мәдениетін үйрендік. Ол да білім экономикасына, адами капиталға қатысты дер едім.

– Әңгімеңізге рахмет! Ғылым жолында табыс тілейміз!

Әңгімелескен:
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ



Аймақтағы педагогикалық үрдіс пен әдістемелік ізденістің бағыт-бағдары сан қилы. Тәжірибелі ұстаздар білім-білігін бөлісу, аймақтың өзіндік білім беру моделін қалыптастыру бағытында нитежелі жұмыс істеп келеді. Әсіресе, «Серіктес директорлар» лигасының бастамалары өңірдегі білім беру ісінің өркендеуіне үлес қосуда. Өткен аптада лига мүшелері бірлесе «Теория, тәжірибе, іс әрекет: Жаңа көзқарастар алаңы» атты жинақтың тұсауы кесіп, тағы бір бастамаға жол ашты. Жинақта менеджер басшыларға арналған басқару үдерісінің тиімділігі, теориялық концепциясы, тәжірибедегі қажеттілігі туралы дерек қамтылған.

«СЕРІКТЕС ДИРЕКТОРЛАР» ЛИГАСЫ: ТИЯНАҚТЫ ТҰЖЫРЫМДАМА

Шараға облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Бақтыбайқызы, ҚР Ұлттық ғылым академиясының акамедигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Бақберген Сәрсенұлы, Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы Наурызбай Сейітқалиұлы қатысты. Сондай-ақ ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Білім беру ісінің үздігі Әлима Жақыпқызы, «Құрмет белгісі» ордені мен Ы.Алтынсарин атындағы және «Ерен еңбегі үшін» медалдарының иегері, халықаралық «Жыл директоры атанған білім саласының ардагері Күләш Бердікенқызы арнайы келіп, ой-пікірмен бөлісті.

– «Серіктес директорлар» лигасы өткен оқу жылында жасақталған тұжырымдамаларды жинақтап, тұсауын кесті. Енді бағыттар бойынша енгізілген тәжірибелерді магнитті түрде өзге білім ұяларына тарататын болады, – деді Ақзира Қасымова.

Шара барысында «Білім берудегі импульс, менеджмент, прогресс» тақырыбында «Серіктес директорлар» лигасының семинары ұйымдастырылды. Басқосуда Бақберген Досмамбетов, Күләш Мергенбаева, Әлима Әбдіхалықова, Наурызбай Байқадамов баяндама жасап, өзекті тақырыптарға негізделген мәселелерді пікір алмасу форматында талқылады. Сонымен қатар қатысушылар оқытудың педагогикалық тәсілдері және директор образы төңірегінде мәселе қозғады.

Жиында Ақзира Бақтыбайқызы директорлардың бәсекеге қабілеттілігі, өзіндік даму, ата-анамен байланыс туралы ойымен бөлісті. Сондай-ақ «Серіктес директорлар» лигасының жобалары жаңа мазмұнға бағытталып, түрлі өзгерістер арқылы өңірдегі білім беру саласының дамуына септігін тигізетінін атап өтті. Ой алаңында директорлар да өзіндік пікірін айтып, көзқарастарын білдірді.

Айта кетейік, алдағы уақытта лиганың аудандардағы көшпелі отырыстары өткізіліп, құрамы жаңа директорлармен толықпақ.

СЫР ҰСТАЗДАРЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Соңғы жылдардағы білім беру ісіндегі нәтижелі реформа мен тың бастаманың жемісі аймақтардағы сала көрсеткішін көтеруге мүмкіндік беруде. Сыр өңірінің педагогикалық ізденісі толастамай, шәкірттер республика ғана емес, халықаралық жарыстарда топ жарып келеді. Ұстаздар жыл сайын республикалық олимпиадада өзара сынға түсіп, аймақ абыройын асқақтатуда. Биыл да жас педагогтары республикалық «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» атты байқауға қатысып, топ жарды.

Өскемен қаласында өткен республикалық педагогтар олимпиадасына аймақ атынан 4 мұғалім барса, соның 3-еуі жүлделі орыннан көрінді. Соның ішінде Қызылорда қаласындағы №4 дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың биология пәнінің мұғалімі Жазира Тыныбек II орынды еншіледі. Ал Арал ауданы №2 дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының математика пәнінің мұғалімі Нұрхан Мұстафа мен Қызылорда қаласы №198 орта мектептің информатика пәнінің мұғалімі Айдана Жауғашарова III орын иеленген.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін республикалық олимпиаданың басты мақсаты – жас педагог қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін арттыру, білім беру жүйесін жетілдіру, жас мұғалімдердің белсенді кәсіби көзқарасын қалыптастыру. Олимпиаданың мән-маңызын жүлдегер Жазира Тыныбек те тарқатып жеткізді:

“Аталған байқау жоғары деңгейде өтті. Республиканың әр аймағынан жиналған жас мамандар өзара идея алмасып, тәжірибе алуға мүмкіндік туды. Конкурсқа қатысу арқылы кәсіби біліктілігімді шыңдап ғана қоймай, саладағы жаңалықтар, инновациялық өзерістер турасында ақпаратқа қанықтым. Оның үстіне аймақ абыройын қорғау, мектеп мәртебесін көтеру секілді жауапкершілік жүктегендіктен, байқауда бар білімімді көрсетуге тырыстым. Нәтижесінде сайыста жүлделі орын бұйырды. Олимпиаданы ұйымдастырған “Дарын” Республикалық ғылыми-практикалық орталығына алғысым шексіз”.

Туризм индустриясының экономиканы дамытуда ықпалы зор. Оның халықаралық байланыста және валюталық түсім көзі ретінде маңызы айтарлықтай. Бірақ пандемия жығылғанға жұдырық болды. Көзге түскен олқылықтардың орны толуы тек уақыт еншісінде және бұл дүние әлі де жұмысты күшейту керек дегенге саяды. Әсіресе, замандастарым, ерікті жастар саланы дамытуға бірлесе күш салса деген тілегім бар.

ІШКІ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУ ҮШІН...

Француздар киелі жері Нотр-Дамды мақтан тұтса, ағылшындар Стоунхендж тас мүсіндерін, немістер көне қалалары Ротенбургты ұлық етеді. Ал бізде, бір ғана Сыр өңірінің өзінде мақтан ететін қасиетті орындардың көп екені айқын. Жұмбағы көп жауһарға айналған «Шірік-Рабат», «Жетіасар», «Сауысқандық петроглифтері» секілді ескеркіштердің орны ерек. «Болса Тәңірім екінші өмір қиғандай, Сығанақта көз жұмар ем қиналмай». Ғұлама Хиссамуддин әл-Сығанақи осылай жырлаған. Өлең жолдарынан Сығанақтың шат-шадыманға толы асыл мекен болғанын аңғаруға болады. Қастерлі музыка өнерінің іргесін қалаған, халқының мұңы мен зарын жырлап, толғаныс толқындарын 7 нотаға сыйғыза білген Қорқыт бабаның өнегелі еңбектері әрбір қазақ мойнына артылған аманат жүгі десем, қате айтпағаным. ЮНЕСКО ұйымының «Жастар және мәдени мұра» жобасында жеңімпаз деп танылған «Қызылорданың тарихи жерлері» атты өнертабысым тарихымызға бойлап, барымызды қадірлеп-қастерлеуге, батырлар ерлігін естен шығармауға шақырады.

Мұнда мен 10 тарихи мекенді қамтитын карта жасап, әрбір қала қонағы үшін таптырмас құралға айналатын мобильді маршрут жасақтадым. Маршруттық картадан бөлек, 2 сағаттық қысқаша саяхатқа арнайы жазылған аудиогид қамтылды. Ол қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылды. Жобамның ерекшеленген тұсы да осы. Нәтижесінде 65 қатысушының арасынан суырылып шығып, жеңімпаздар қатарынан көріндім. «Қасиетті Оңтүстік» атты Алматы, Шымкент және Түркістан қалаларының тарихи мекендерін тамашалауға арналған турға тегін жолдама ұтып алуымда соның нәтижесі.

Топырағын түртіп қалсаң, көне заманның беті ашыла кететін тарихи нысандарды туристерге мақтанышпен таныстыру, туризмді түрлендіруді біздің еншімізде екенін түйсінемін. Алдағы уақытта жаңашылдыққа бастайтын жобамды жалғастырмақ ниеттемін және өнертабысымды патенттеу жоспарда бар.

Әйгерім ТҰРМАХАНОВА,
Химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12 сынып оқушысы

ІТ-МЕКТЕП – МҮМКІНДІК МЕКЕНІ

Бүгінде Қызылорда қаласында 6 білім ордасына ІТ-мектеп-лицей статусы берілген. Мұндай өзгеріс өңірдегі білім жүйесіне жаңашылдық әкеліп, шәкірттердің түрлі бағытта білім жетілдіруіне мүмкіндік беруде. Солардың арасында Серғали Толыбеков атындағы №3 ІТ-мектеп-лицейі ғылыми ізденіс, заманауи технологияларды қолдану бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Ақпараттық технологияны игеру заман талабына айналғалы елімізде маман тапшылығы сезілгені жасырын емес. Оның үстіне мұндай олқылық инвестор тарту, технологиялық ілгерілету жұмысына әсер ететін аңғарған үкімет білікті ІТ маман әзірлеу жұмысын мектептен бастауға көшкен. Осы орайда мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсарту, ұстаздардың білім беру ісіндегі соңғы технологияларды қолдануын талап етті. С.Толыбеков атындағы №3 ІТ-мектеп-лицейде талапқа сай болу мақсатында біршама жұмыс жүргізіп, үздіктер қатарына енді. Бүгінде білім ордасында компьютер, мобильді планшеттер, тақталар санын арттыру, ғаламтормен қамтамасыз ету ісі жолға қойылған. Оған қоса ғылыми бағыттағы пән кабинеттерінің барлығына зертханалық құрылғылар орнату, роботтандыру, 3D принтерлермен жабдықтау мәселесі де оң шешімін тапқан.

Нәтижесінде мектеп ұжымы ақпараттық технология саласында белестерді бағындыруда. Мәселен, 2018 жылы информатика пәнінің мұғалімі Асқар Әбудің «Мектеп жұмысын автоматтандыру» аясында әзірлеген «Face recoqnatione» жобасы бойынша республикалық Хакдей байқауына қатысып, жүлделі III орын алды. Бұл жобаға танымал «Tensorflow» және «OpenCV» кітапханалары қолданылыпты. Жобаның мақсаты – нейронды желіні пайдалану арқылы адам бетін санды ақпаратқа айналдырып, акпараттар қорын жасақтау. Асқар Әбудің айтуынша, жоба мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің қауіпсіздігіне арналған. Алдағы уақытта «Мектеп жұмысын автоматтандыру» жобасы аясында қосымша «We help» бағдарламасын жарыққа шығару жоспарлануда. «Android studio» бағдарламасында жасақталған қосымша арқылы кез келген адам анонимді түрде көмек ала алады.

Айта кететін жайт, С.Толыбеков атындағы №3 ІТ-мектеп-лицей – қаңтар айынан бастап «Бағдарламалау мектебі» жобасы енгізілген облыс бойынша алғашқы мектеп. Мектеп-лицейде STEM зертханасы ашылып, екі кабинет заманауи құрал-жабдықтармен қамтылған. Сондай-ақ мектеп-лицей цифрлық мектеп моделін құруда айқын жоспар әзірлеуде. Білім ұясы цифрландыру идеясын іске асыруда 3 бағытты негізгі мақсат етіп қойған. Басты мақсат – мектеп жұмысын автоматтандыру, бағдарламалау мектебінің тиімділігін арттыру және ІТ бағдарламаларды пәндерде қолдану мүмкіндігін дамыту.

– Мектеп жасындағы балалардың қабілетін арттырып, шығармашылығын шыңдауда жаңа технологиялардың, ІТ мүмкіндіктердің үлесі зор. Осы орайда үлкен жетістігіміздің бірі ретінде «Бағдарламалау мектебі» жобасы туралы айтар едім.

Жоба аясында 11 үйірме жұмысы жолға қойылып, нәтиже көрсетіп келеді. Бастауыш сынып оқушыларына арналған «Логика және Stop Motion», «Scratch» бағдарламалау, анимациялау» үйірмелері балалардың ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану арқылы ой-қиялын арттыру, өзіндік идеясын іске асыруына мүмкіндік береді. Мәселен, оқушылар «Stop Motion» бағдарламасының көмегімен жансыз заттарды қозғалта отырып, дыбыс беріп, анимациялық видео жасайды. Үйірмеге қатысу үйрену арқылы 4 сынып оқушысы Алуа Маратқызы XVI республикалық «Зерде» байқауында І орынға ие болды. Ал «3-4 сынып оқушылары үшін «Screth бағдарламалау» үйірмесінде оқушылар 2D форматта модельдеуді үйреніп жатыр. Осы бағдарламалау тілін қолданып, 3 сынып оқушысы Алдияр Яхия қалалық «Ақпараттар әлеміне саяхат» мультимедиялық сайысына қатысып, ІІ орынды иеленді, – дейді мектеп директоры Ләззат Әбенова.

Мектеп-лицейде үлкен сыныптар үшін күрделі бағдарлама тілін игеруге жағдай жасалған. Мәселен, 5-8 сынып оқушылары үшін «Мобильді графика», «Бейнеграфика», «Mation-дизайн» «С++ программалау тілі», «Python программалау тілі» үйірмелері жұмыс істеуде. Оқушылар үйірмелерде компьютерлік бағдарламалармен графика құру, сабақты жаңаша игеру секілді өзгерістерді игереді. Ал 9-11 сынып оқушыларына арналған үйірмелер тіпті қызық. Зейінді шәкірттер «Мобильді қосымша әзірлеу», «3D модельдеу», «Web-дизайн», «Java программалау тілі» үйірмелерінде техника тілін тиісінше меңгеріп, тиімді қолданудың мәнін ұғынуда.

«3D модельдеу» үйірмесінде оқушылар «Blender» бағдарламасымен әртүрлі нысандардың 3D моделін жасаса, «WEB дизайн» үйірмесінде WEB сайттарды жасауды үйренуде. Мектеп қабырғасында үйренген мұндай дағды оқушылардың өмірінде де кәдеге асуда. Бір ғана мысал, 10 сынып оқушысы Дамира Мұратбекова «wix» конструкторын қолдану арқылы халықаралық деңгейде WEB сайт ашып, әлем елдерінің еріктілерімен бірге көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын беруді жоспарлауда. Дамира аталған жобаны қалалық «Ақпараттандыру әлеміне саяхат» мультимедиялық сайысына ұсынып, І орынды иеленді.

Ал «Робототехника» үйірмесінде оқушылар Лего Ардуино арқылы робот жасауды үйреніп келеді. Бұл бағытта информатика пәні мұғалімі Асқар Әбу қалалық «Robo Time» байқауына қатысып, ІІ орынды иеленген. Сондай-ақ қалалық робототехникадан «ROBO әлемі» атты мұғалімдер арасында өткізген жарыста «Robo ақсүйек» категориясы бойынша 2-орын жүлдегері атанды.

Пән мұғалімдері барлық үйірмелер бойынша авторлық оқу бағдарламасын, ұзақмерзімді, қысқамерзімді жоспарын әзірлеген. Мәселен, информатика пәні мұғалімі Жаңагүл Алдамжарова оқушыларға «С++ программалау тілін» үйретумен шектелмей, сайттарды қолданып, олимпиадаға дайындық жұмысын жүргізіп отырады. Нәтижесінде информатика пәнінен оқушылар республикалық олимпиада мен Юниор олимпиадасында жүлделі орындарды еншілеуде.

– Мектеп екі модификацияланған жаңа физика және биология кабинеттерімен толықтырылды. Айта кету керек, бұл кабинеттер жаратылыстану пәндері үшін қазіргі заманғы «Roqed Science» және «Roqed Physics lab» виртуалды зертханасымен жасақталған. «Roqed Physics lab» жүйесінде 31 зертханалық жұмыстың 3D моделі қамтылған. 250-ден астам құрылғының көмегімен кез келген физикалық эксперимментті және зертханалық жұмысты көрсетуге болады.

Физика сабақтарында мұғалімдер «Peht симуляторын» және «Algodoo» бағдарламасын қолдану арқылы физкалық құбылыстардың 2D анимациясын жасауға дағдылануда. Мұндай бағдарламалар арқылы оқушы сабақта дайын мәліметті алып қана қоймай, түйін жасауды үйренеді. Яғни, балалардың функционалды сауаттылығын дамытуға көмектеседі. Ал, «Roqed Science» физика, биология, химия, жер туралы жүздеген егжей-тегжейлі 3D модельдерді үйренуге қолайлы. Мұғалімдер «Roqed Science» бағдарламасын қолданып, сабақ үстінде тақырыпқа сай 3D анимация көрсете алады, – деді Ләззат Өтегенқызы.

Мектептегі биылғы жаңалық, математика пәнінде «SketchUp» платформасын қолдану тиімді іске асуда. Бұл бағдарламамен кез келген геометриялық фигураны кеңістікте сызып жан-жағына көрсетуге болады. Ал «GeoGebra» қосымшасы геометрия пәнінде әртүрлі графиктерді салу үшін қолданылады. Бұл – оқушы үшін өте тиімді бағдарламалар.

Сонымен қатар ІТ журналистиканы дамыту да қолға алынған. Бүгінде саланың үш бағыт бойынша жұмыс жүруде. Олар ІТ бағдарламалардың көмегімен мәтінді жазу-өңдеу және мобилография, бейнеграфика бағдарламасымен жұмыс істеуді қамтиды.

Бұл үйірмеде оқушылар дайын мобилографика бағдарламасымен смартфон, планшет гаджеттерде фото өңдеуді үйренеді. Бейнеографикада «Windows Movie Maker», «Sony Vegas Pro» бағдарламаларымен жұмыс жасау арқылы бейнежазбаларды қысқарту, өңдеу, дыбыстық жүйесін реттеу секілді жұмысты істейді. Ал сапалы фото-бейне, түрлі мәтіндік редакторлар арқылы әдемі жазуды және интернет ресурстарға мақала жазуды үйренуде.

Мұның барлығы Серғали Толыбеков атындағы №3 ІТ мектеп-лицейінің жетістігі. Ұстаздар құрамының біліктілігі мен ізденісі заманауи ғылымның сан саласын зерттеуге мүмкіндік беріп, мектепті үздіктер қатарына қосты. Ұмтылысқа толы қарқын бәсеңдемесе, білім ұясы аймақтағы цифрлы даму кезеңінің орталығына айналары сөзсіз.

Берен ШАҒЫРОВ

МҰРАЖАЙ-ҚОРЫҚ АШУДЫ ҚОЛҒА АЛАТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ

Бір айта кететін мәселе, облыс аумағында мұражай-қорық ашу ісін қолға алатын уақыт жеткен секілді. Қазақстанның әзге өңірінде мұражай-қорықтар ашылып, жүйелі жолға қойылған. Атап айтсақ, Ботай, Сарайшық, Берел, Таңбалы секілді мұражай-қорықтар кең танымал. Ал Қызылорда облысы аумағында ортағасырлық қалалардың саны басым, алайда мұражай-қорық әлі ашылмады. Сондықтан аталған мәселені күн тәртібіне қою қажет деп санаймын.

– Осы кезге дейін Сыр бойындағы тарихи ескерткіштер мен көне қалаларға ұзақ мерзімді зерттеулер жүргізіліп келеді. Айтыңызшы, бізге бұл зерттеулердің әлі де беймәлім тұсы бар ма? Қандай тақырыптар ғылым үшін әлі де құпия болуы мүмкін?

– Тәуелсіздік жылдары Сыр бойында археологиялық зерттеу ісі жаңа серпін алды. Оған себеп те жоқ емес. 2004-2010 жылдары Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен республика көлемінде «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асқаны белгілі. Жоба аясында Қызылорда облысында да бірқатар кешенді зерттеу жүргізілді. Сол кезден бастап тарихи-мәдени мұраларымызды түгендеу ісі археологиялық ізденіске із салып, ғылымдарға мүмкіндік есігін ашқаны анық. Нәтижесінде облыста Шірік-Рабат археологиялық экспедициясы жасақталып, Шірік-Рабат, Баланды, Бәбіш-мола, Жетіасар ескерткіштеріне шағын археологиялық қазба жұмысы мен барлау жүргізілген болатын. Осы ізденіс аймақтағы жәдігерлерге ғылымдардың қызығушылығын ояттты. Соның ішінде Әзілхан Тәжекеев, Рүстем Дарменов, Жанболат Өтебаев секілді ұстаздарым бірегей мектеп қалыптастырды. Өзімді осы мектептің алғашқы шәкіртімін деп санаймын.

«Арал маңы: тас және қола дәуірі тайпаларының тарихи-мәдени мұралары» атты докторлық диссертациямды сәтті қорғауыма да ұстаздарым үлес қосты. Диссертация барысында облыстағы археологияға тән мәселелерді терең түсінуіме жол ашылды. Бір мысал, аймақта палеолит, неолит және қола дәуіріне тиеслілі 30-ға жуық ескерткіш бар. Аталған тарихи мұраны зерттеу жұмысы беткі қабатынан алынған қыш ыдыс сынықтары мен еңбек құралдары туралы шағын мақала жазудан ары аспаған. Сондықтан аймақ тарихынан сыр шертетін палеолит-неолит-қола дәуірі ескерткіштерін кешенді зерттеу әлі де болса кенжелеп тұр.

– Археологтардың жұмысы күрделі екенін біледі. Оқырманды да осы сауал ойландыратын болар, сіздер жыл маусымының ыңғайына қарай жұмыс істейсіздер ме? Қыстың суық күні, көктем мен күздің жауын-шашынды кезеңі археологиялық зерттеу жүргізуге кері әсер етпейді ме?

– Археологтар күз және қыс мезгілінде қазба жұмысын жүргізбеуге тырысады. Себебі суық күн райы мен жауын-шашын өнімді жұмыс істеуге кедергі келтіреді. Ең қолайлы мезгіл, әрине – көктем, жаз айлары. Бұл мезгіл өзгелер үшін демалуға таптырмас кезең болса, археологтар үшін зерттеу жүргізуге ыңғайлы уақыт. Содан болар, көктем шыға далаға асығып отырамыз. Әр экспедиция танымды әрі қызықты өтеді. Жаңа достар табу, шетелдік профессор-ғалымдармен пікір алмасу, далалық семинарлар шабыт сыйлайды. Оның үстіне ескерткіш маңынан база жасақтап, жергілікті халықтан жұмысшы тарту, іс-тәжірбиеге келген студенттерге археологиялық қазба жұмысының әдістерін таныстыру да үлкен тәжірибе. Сонымен қатар ескерткішті өлшеу-сызуға, ұшатын құрылғымен әуеден түсіруге көктем-жаз айларында мүмкіндік мол.

Ал күз-қыс мезгілінде зертханада жиналған археологиялық жәдігерлерді талдау шарасын жүргіземіз. Яғни, тазалау, өлшеу, суретке түсіру, мақала жазу жұмысы басталады. Оның ішінде остеологиялық материалдар (жануарлар сүйектері) мен қыш құмыра ыдыстар толыққанды мәлімет алу үшін Ресей, Германия, Литва елдерінің ғылыми-зерттеу зертханаларына жіберіледі. Бұл жәдігерлердің жасалған уақытын, жануарлардың жасын, қай қасырда өмір сүргенін анықтауға мүмкіндік береді.

– Жұмыс барысында түрлі оқиғалар болуы мүмкін. Сізге ерекше әсер еткен, танданыс тудырған тарихи орындар бар ма? Осы орайда көпшілік әлі біле қоймаған өңір тарихына қатысты жаңа деректер айтып берініізші.

– Биыл Қорқыт ата атындағы ҚУ-дың «Археология және этнография» ғылыми орталығының құрылғанына 10 жыл толды. Біз үшін 10 жыл – үлкен жетістік. Алда атқарылар тірлік әлі көп. Соның бірі – облыс аумағындағы алғаш қазылған ескерткіштерді сақтау, жәдігерлерді насихаттау мәселесі. Себебі Қызылорда облысы аумағында басқа өңірлерге қарағанда тарихи ескерткіштер жетерлік. Сақ дәуірінен бастап ортағасыр аралығын қамтитын қалашықтар бар. Тіпті бүтін хандықтың астанасы болған қалалар да кездеседі. Сонымен қатар Қызылорда облысы аумағындағы Батыс Еуропа-Батыс Қытай тас жолы бойында орналасқан Жетіасар қалаларын да атауға болады. Қазіргі таңда аталған ескерткіштер тобы шамамен 50-ге жуықтады. Кеңес үкіметі тұсында Хорезм экспедициясы 2018 жылдан бастап әл-Фараби атындағы ҚҰУ-дың профессоры Мадияр Елеуовтың жетекшілігімен Қышқалаға қазба жұмысы жүргізіліп келеді. Бүгінге дейін бірнеше құрылыс орындары, оның ішінде кесене-медресе, қыш күйдіретін пеш орындары ашылған. Зерттеу жұмысынан аймақта сақ дәуірінен бастап түрлі мемлекет пен тайпалық одақтар өмір сүргенін аңғару қиын емес. Демек, Сыр өңірі сауда айналымы, дербес экономикасы қалыптасқан діні мен тілі сыртқы күштің ықпалынан ада өңір болған. Оған қазылған археологиялық материалдық кешенін, ашылған құрылыстар дәлел.

Таңданыс тудырған жәдігерге келер болсақ, ең қызықты жаңалық Жанкент қалашығындағы қазба жұмысы барысында табылған мысық сүйегі дер едім. Бұл мысық сүйегін үйдің бұрышына матаға орап, арнайы жерлеген. Қазба жұмыстарына қатысқан Ресей мен Германиядан келген профессор-ғалымдар сүйекті толықтай тазалап, Ұлыбританиядағы Лестер университеті зертханасына алып кеткен еді. Кейін белгілі болғандай, бұл мысық 775-940 жылдар аралығында өмір сүрген. Ең көңіл аудартатын мәлімет, адамдар аяғы сынған мысыққа арнайы медициналық жәрдем көрсеткен екен. Жанкент қалашығының тұрғындары жан-жануарға мейіріммен қарап, ізгі қаланың өмір сүру моделін ұстанған тәрізді. 2020 жылы Еуропаның беделді «Science» журналында Жанкенттег мысық сүйегі жайлы ғылыми мақала жарық көрді.

– Жастардың қазіргі сұранысы технологиямен байланысты. Археология саласын таңдаған жаңа буынды байқай бермейміз... Мұның себебі неде деп ойлайсыз? Ал сіз бұл салаға қалай келдіңіз? Жалпы жас археологтарға мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі ме?

– Дұрыс айтасыз, жастар өмірін технологиямен тызығыз байланыстырады. Жаһандану заманында жаңа буынның мұндай ұмтылысы дұрыс-ақ шығар. Ал археология саласына келер болсақ, қызығушылық бәсеңдегені шындық. Жыл сайын археология мамандығына оқуға түсетін оқушы саны азаюда. Оған мамандықтың күрделілігі, жұмыс барысының қиындығы себеп болады деп ойлаймын. Өзіңізге мәлім, археологтар күннің астына күйіп жүреміз, өнімді нәтижеге қол жеткізу де уақыт талап етеді. Сондықтан оқушы кезінен экспедицияға қатысып, бала кезінен осы саланы армандаған талапкер болмаса, мақсатты түрде бұл мамандыққа келетіндер аз. Бірақ соңғы уақытта жағдай тұрақталып келеді. Мәселен, Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен осы мамандыққа арналған оқу грантының бөлінісі артты. Мұндай жәрдем саланың аяққа тұруына, оқуға түсетін талапкелерге үлкен көмек. Сәті келгенде жақ достарға айтарым, археология жер қазу ғана емес, ол қазба жұмысы барысында жаңа технологияларды игеру, ел аумағындағы мұраларды зерттеуге атсалысу және шетелден келген қонақтармен тілдесу мүмкіндігі. Сол себепті жасқанбай, білім алуға толық мүмкіндік бар.

Өзім де алғашында мамандықтың қыр-сырын үйренуге жүрексіндім. Бала кезімнен ауыл қарияларынан аңыз әңгімелер естіп, ауыл кітапханасынан жыр-дастандар, тарихи кітаптар оқитынмын. Әкем де тарихқа жаны құмар жан. Бала кезден тарих пәнінің мұғалімі болсам деген арман көкейден кетпей қойды. Мектеп қабырғасында тек тарих, география сабағын оқып, түрлі тарихи кино көретінмін. Оның ішінде Египеттегі Гиза пирамидалары, ондағы жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстарына таңданыспен қарайтынмын. Бұл қызығушылығым өсе келе тарих мамандығына тусуіме септігін тигізді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің тарих мамандығына білім ала жүріп Айтжан Оразбақов, Жайна Сыдықова, ӘзілханТәжекеев, Уәлихан Ибраев сынды ұстаздарымнан өнегелі тәлім- тәрбие, білім алдым.

Университеттің бірінші курсында ұстазым Әзілхан Тәжекеев бізді Жанкент қалашығында жүргізілетін қазба жұмысына қатысуға шақырды. Осы кезде «Археология және этнография» ғылыми орталығының енді ашылған кез еді. Ғалымдар сол жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі қаржыландыратын байқауда Жанкент қалашығы тақырыбы бойынша жобаның жеңімпазы атанған-тұғын. Осылайша қалашықта қазба жұмысы басталған. Жалпы, оқу жоспары бойынша тарих мамандығының білім алушылар жаз айында Жанкент қалашығында іс-тәжірбиеден өтуі бұрынан бар тәжірибе екен. Ұстазым Әзілхан ағай маған келіп: «Археолог боласың ба?» – деді. Мен сәл абдырап, арманыма аяқ басқалы тұрғанымды сезіне: «Әрине, археолог боламын» – деп жауап бердім. Сол сәт маған жаңа әлем ашылған секілді әсер қалдырды. Нәтижесінде жаз айында іс-тәжірибені Жанкент шаһарындағы қазба жұмысында өткізіп, қосымша осы археология мамандығын терең тани түстім. Осы археология саласымен айналысып жүріп, өзімнің өмірлік жарыммен танысып, отбасын құрдым. Жарымның мамандығы да археолог.

2015 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетін бітірген соң әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің археология және этнология мамандығы бойынша магистратураға қабылдандым. онда жүріп тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуов ағаймен танысу бақыты буйырды. Магистрлік диссертацияға «Жетіасар мәдениетінің қалалары» атты тақырыпты таңдап алдым. Магистратурада оқып жүріп, Мадияр ағаймен Жамбыл облысы Шу мен Талас өңіріндегі ортағасырлық қалалардағы қазба жұмыстарына қатысуға мүмкіндік туды. 2017 жылы магистратураны сәтті аяқтап, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Археология және этнография«» ғылыми орталығына ғылыми қызметкер болып жұмысқа орналастым.

Университет қабырғасында жұмыс жасап жүріп, 2018 жылы мақсатты жолдамамен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне докторантураға қабылданып, киелі шаңыраққа қайта жол түсті. Оқу орнында Ботай мәдениетін ашқан зерттеуші ғалым, тарих ғылымдарының докторы, археология профессоры Виктор Федорович Зайбертпен танысудың сәті туды. Солтүстік Қазақстан аймағында Ботай қонысында археологиялық экспедицияға қатысып, қазба жұмыстарын жүргіздім.

2021 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторантурасын аяқтап, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Археология және этнография«» ғылыми орталығына жұмысқа қайта қабылдандым.

Жалпы жас археологтар ҚР БжҒМ гранттық қаржыландырулар мен ҚР МСМ кешенді жобаларына қатысуына мүмкіндік бар. Тек ол үшін докторлық диссертациясын қорғаса немесе PhD доктор атанса, жеткілікті. Сондықтан жас археологтар мемлекет қолдауына пайдалану үшін ғылыми дәрежесі қорғауы шарт.

– Әңгімеңізге рақмет!

Жалғасы. Басы 1 бетте

Жиырмасыншы ғасырдың соңында ел футболында ерекше есімдер пайда болды. Чемпионаттың алғашқы сұрмергені Сергей Когай, тұңғыш хет-трик орындаған Тілеухан Тұрмағанбетов, мығым футболшы Нүркен Мазбаев, шебер шабуылшы Виктор Зубарев. Аталған аяқдопшылардың алаңдағы абыройын тоқсаныншы жылдардың соңғы сәтінде Серік Досмбетов жалғады. Небәрі 16 жасында «Қайсардың» негізгі құрамынан орын алып, қарсылас команданың қақпашыларын қапыда қалдырды. Спорттық мансабында толағай табысқа жеткен футболшының орайлы сәтін оқырманға ұсынамыз.

ЖАС ФУТБОЛШЫЛАРҒА ЖІГЕР БЕРГЕН

ЖАЛҒЫЗ МЕДАЛЬ

2001 жылы Қазақстан құрамасы жазғы Азия ойындарына қатысуға мүмкіндік алады. Айтулы аламанның көз тартар көрінісі – футбол ойыны. Азияның Жапония, Корея, Австралия секілді алпауыттары жүлде бермейді деген жанкүйерлер арасында сенімсіз сөздер болды. Алайда 23 жасқа дейінгі футболшылар құрама сапын толықтырды. Құрамында 19 жастағы Серік Досмбетов те бар еді. Жапонияның Осако қаласында жалауы желбіреген жарыста ұлттық құрама Макаоны 5-0, Моңғолияны 8-0 есебімен ойсырата ұтып, плей-оффқа жолдама алады. Жартылай финалда Австралия құрамасынан 1-0 есебімен жеңілген қазақ футболшылары қоланы қанағат етеді. Сол жарыста Досмбетовтың алаңдағы жарқын сәті Еуропалық скауттардың назарын аудартады. Тіпті, Ресей чемпионатынан қаршадай балаға ұсыныс түседі. Ауылдан жырақтамаған жас футболшы үшін сырт ел қолайсыз болатындай көрінді. Оның үстіне әке-шешесінің қолғанатына айналған футболшы үйдің жай күйіне қарады. Досмбетовтың Жапониядағы олжасы – әзірге қызылордалықтар арасындағы халықаралық жалғыз жүлде.

ӘКІМІ ІЗДЕГЕН ФУТБОЛШЫ

2004 жылы «Қайсар» біріншіліктің бел ортасында чемпионаттан шығарылды. «Есіл» командасымен болған кездесуде төрешілердің әділетсіздігіне шыдамаған Виктор Кумыков ойын аяқталмастан командасын алаңнан алып кетті. Қазақстан

футбол федерациясының шешімімен «Қайсар» төменгі лигаға сырғыды. Кумыков жасақтаған құрам мықты болатын. Тіпті, алғашқы айналымда алғашқы үштікке жайғасты. «Қайсардың» бірінші лигаға кетуіне орай, суперлигадағы командалар қызылордалық футболшыларға құда түсті. 2005 жылдың қаңтарында шабуылда ширақ қимылдайтын Серік Досмбетов «Оқжетпестің» құрамына қосылды. 23 жастағы футболшы жаңа ортаға тез бейімделіп, команданың көшбасшысына айналады. Жаңа футболшы бас бапкер Владимир Фомичевтың сеніміне селкеу түсірмей, маусымда тәп-тәуір нәтиже көрсетеді. Чемпионаттың алғашқы турларынан бастап Досмбетовтың бағыттаған добы қақпа ішінен тулай бастады. «Алма-Ата», «Болат», «Екібастұз», «Жеңіс», «Атырау», «Ордабасы» секілді командаларға гол соғып, маңызды ұпайларды командасына сыйға тартты. Бойында таланты бар футболшының сол кездегі Ақмола облысының әкімі Мәжит Есенбаев байқап, жас футболшыға құрмет көрсетті. 2006 жылы сұрмерген Серікке премьер-лигадан бірнеше ұсыныс түседі. Оңтүстіктің бас командасы «Ордабасыға» ауысудың орайы түсіп, Досмбетов жаңа маусымды Шымкенттен бастайды. Мұны естіген әкім «Оқжетпестің» басшысы Әбдіғапар Абдрахмановты шақырып, «команданың көшбасшы футболшысынан қалай айрылуға болады» деп сөккен көрінеді. Бірінші айналым аяқталысымен трансферлік терезенің ашылатыны белгілі. Шіліңгір шілденің мезетіне келетін трансфер науқанында әкім Мәжит Есенбаев Досмбетовке қоңырау шалып, «Оқжетпеске» қайта ауысуын өтінеді. «Ордабасыда» озат болған футболшы әкімнің өтінішін жерге тастамай, Көкшетауға кері қайтады. Осылайша тарих қойнауында Серік Досмбетовтың әкімі ізденген футболшыға айналды.

«ШАХТЕРДЫ» ШЫҢҒА ШЫҒАРДЫ

2011 жылы Ресейлік маманы Виктор Кумыков араға 7 жыл салып Қазақстанға оралады. Қызмет Қарағандыдан бұйырып, «Шахтер» футбол клубының бас бапкері болып тағайындалады. Жұрт секілді біріншілікке дайындықты ерте қыстан бастап, команданы қайта жасақтайды. 2004 жылы «Қайсарда» қызмет еткенде қызылордалық футболшыладың қарым-қабілетінің қаншалықты екенін байқайды. Ә дегеннен командаға Сырдың үш футболшысын қосады. Серік Досмбетов, Мақсат Байжанов және Қанат Әлиев – кеншілердің намысын қорғауға білек сыбана кірісіп кетеді. Команданың басты мақсаты – чемпион болу.

Тарихы терең клуб бұл биіктікті бұрын-соңды бағындырмаған. Жанкүйерлер үміті – жаңа бапкер мен жаңа футолшыларда. Маусымды сәтті бастаған «Шахтер» 9-турда чемпионаттағы негізгі қарсыласы «Жетісуды» қабылдайды. Ұпайдан шашау шығармаған талдықорғандық ұжым кеншілерге бірден үш гол соғады. Хижниченконың бір гол соғып қысқартқаны болмаса таблодағы есеп 1-3. Матчтың аяқталуына небәрі 15 минут қалды.

Жанкүйерлердің ұпай алады деген үміті сөне бастады. Сол кездегі ел классикосы осы екі клубқа тиесілі. Стадиондағы абыр-сабыр да саябырсыды. Кумыков батыл шешім қабылдауға кірісті. Алаңға тыңнан Серік Досмбетовты шығарды. Соңғы үміт Серікте. Жоқ жерден гол соғып кететін қасиетін Қызылордада байқаған бапкер үмітін үзген жоқ. Кездесудің 77-минутында Досмбетов қақпашы Сергей Степаненко қорғаған қақпадан саңылау тапты. Бұл голдан кейін стадионға жан бітіп, фанаттардың қиқуы футболшыларға қанат бітірді. «Шахтер» тайлы туғымен шабуылға шықты. Жата жастана қорғанған «Жетісу» 86-минутта Серік Досмбетовтың соққысынан кейін сыр берді. 9 минуттың ішінде дубль авторы атанған Досмбетов «Шахтерға» чемпиондық үмітін қайта жалғап, командасына маңызды ұпай сыйлады. Сол жылы «Шахтер» алға қойған мақсатын орындап, Қазақстан біріншілігінің жеңімпазы атанды.

ӘЗІМ ДЕГЕНДЕ ӨГІЗ ҚАРА КҮШІМ

2012 жылы қызылордалық «Қайсардың» маусымдағы аяқалысы нашарлады. Жеңілістен көз ашпай, турнирлік кестенің соңғы сатысына сырғыды. Жанкүйерлердің үнжұрғасы түсіп, Ақмешітте аладоп құлдырай бастады. Сол кездегі Қызылорда облыстық спорт басқармасының басшысы Садық Мұстафаев футболшылармен сөйлесуге өзі кірісті.

Алдымен өзге клубтардағы жерлестерін түгендеді. Владимир Никитенконы бас бапкерлікке тағайындап, жағдайды жақсартуға кірісті. Клубта үйірілген қара бұлт бірте-бірте сейіле бастады. Маусымның бел ортасында «Шахтер» Қызылордаға келді. Ел чемпиондары сапында қос қызылордалық доп тебеді. Бірі Байжанов, бірі Досмбетов. Мұстафаевтың арманы екеуінің біреуін алып қалу. Күнтізбеге сәйкес жоспарланған матч жеңіспен аяқталды.

Үш ұпай көңілге медет болғанымен, Мұстафаевтың мұраты келісімге келу. Алдымен өтініш айтып, Серік Досмбетовке мән-жайды баяндайды. Қиын сәттен шығу үшін қол созуға шақырады. Футбол



мансабында түрлі жағдайды бастан өткерген сақа футболшы майлы жерден бас тартып, өзі тұлеткен команданың намысын қорғауға шешім қабылдайды. Футболшының шешіміне «Шахтердың» бас бапкері Виктор Кумыков қапаланып, Досмбетовке бірнеше уақыт ренжіген көрінеді. Бұл – Серік Досмбетовтың туған жеріне деген құрметінің көрінісі болса керек.

ЖЕРГІЛІКТІ ФУТБОЛҒА ЖАНКЕШТІ

2015 жылы Серік Досмбетов футбол мансабын аяқтап, Қызылорда футболын дамыту үшін «Байқоңыр» клубында әкімші қызметіне кіріседі. Бұл қызметті атқара жүріп, жергілікті жас ойыншыларға алаңдағы тәжірибесімен бөлісіп, алға дамуына жол сілтеді. «Байқоңырдағы» байыпты ісі 2017 жылы «Қайсардың» спорттық директорына ұласты. 2017 жылы «қасқырлар» футболшы таңдауда жаңылмады. Алдымен Мақсат Байжанов бастаған жергілікті ойыншыларды қайта оралуға жұмыс жүргізілді. Әмірсейтов, Ламанж, Аржанов, Курьор, Нтибазонкиза, Камара секілді жанкүйерлердің сүйікті футболшылары команда сапында доп тепті. Нәтижелі сұрыптаудың әсерінен бірінші лигадан орала сала үздік 6 команданың қатарынан көрінді. Жүйелі жұмысының арқасында Досмбетов 2018 жылдан бастап қызылордалық клубтың директоры қызметіне кірісті.

Алдымен 5 жылдық стратегия жасақтап, өңір футболшыларын командаға қосу мәселесін алға тартты. Тұңғыш рет «Қайсар» тарихында 6 футболшы бір мезетте ұлттық құраманың намысын қорғады. Жергілікті жас футболшылар Бекзат Құрманбекұлы, Шоқан Абзалов, Абылайхан Төлегенов, Елжас Сарбай, Мағжан Бауыржан, Аян Құлмағанбетов, Нұрымжан Салайдын, Өркен Махан секілді футболшылар негізгі командаға тартылды. Досмбетовтың басшылығымен 4 маусым премьер-лигада «Қайсар» тегеурінді командаға айналды. 2019 жылы Қазақстан кубогын еншілеп, клуб тұңғыш рет Европа лигасына қатысты. Биыл «Қайсар» жергілікті футболшыларына сенім артып, премьер-лигада бақ сынады. Мұндай көріністі Тараз» футбол клубынан кейін байқасаңыздар болады. Маусым сәтсіз аяқталғанымен қызылордалық футболшылар жоғары ойын көрсетті. Тіпті ел кубогы сәтінде «Астана», «Ақтөбе», «Ақжайықтан» ұпай еншілеп, ширек финалға дейін жетті. Серік Досмбетовтың басты миссиясы – алдағы екі жылда біріншікке легионерсіз қатысып, ұлттық құрамаға сапалы футболшыларды дайындау, жастарға жігер сыйлау.

Бетті дайындаған: Ерасыл ШӘРІБЕК

Карикатура сөйлейді...

Автор: Ғалым БОРАНБАЕВ

JULDYZ - JORAMAL

(11 – 18 қараша)

Тоқты
Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдаңыз!

Торпақ
Қаражат жағы қалтаңызды жұқартуы мүмкін. Қиындық туындауы ғажап емес. Жақын арада кәсіп бастаған жөн. Сондай-ақ денсаулығыңызға жіті көңіл бөліңіз.

Егіз
"Жұмыс, карьера" деп өзіңізді ұмытпаңыз. Айналаңыздағы адамдардан еш қорықпай, батылырақ бола түсіңіз. Сізді ешкім де қорқытып, үркіте алмайды. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, орындай білініз. Жаныңыз қалаған нәрсені жасауға тырысыңыз.

Шаян
Махаббатта жолыңыз болады. Тек жүрегіңізді тыңдаңыз. Қаражат жағынан қиындық туындауы ықтимал. Сондықтан қаржыңызды үнемдеп жұмсаңыз. Жұлдыздар көп серуендеуге кеңес береді.

Арыстан
Жақыныңызға сізден көмек керек болады, сондықтан қасында болғаныңыз жөн. Егер бір кездесу бола қалса, ол сіздің өміріңізді өзгертуі де мүмкін. Апта соңында күтпеген тосын сый болғалы тұр.

Бикеш
Жоспарыңыздың көп бөлігі орындалайын деп тұр. Егер сіз тырыссаңыз керемет жұмыс тауып қалуыңыз мүмкін. Жақын жандардан да көмек сұраған жөн.

Таразы
Сіздің айыңыз оңынан туып, жұлдызыңыз жарқырайтын күн алыс емес. Жақындарыңыз қолдау көрсетіп, өзіңізді тағы бір қырыңыздан көрсететін кез туды. Егер сіз осы бетіңізден таймасаңыз, аз күнде биіктен көрінетініңіз анық.

Сарышаян
Сізді маңызды бір кездесу күтіп тұр. Сондықтан жүрген жүрісіңізге де, киген киміңізге де аса мән берген жөн. Қызметіңіз жоғарылап, көп жетістіктерге жетесіз. Дегенмен жақсылық жасаған адамдардың қадірін білініз.

Мерген
Өз күшіңізге сенесіз әлі талай белесті бағындырасыз. Тек жоспарды бір пысықтап алыңыз. Отбасылық демалыстың сізге тигізер пайдасы зор болмақ.

Тауешкі
Уақытыңызды текке өткізе бермеңіз. Батыл әрі нақты сөйлей білініз, бір нәрсені ойласаңыз, жоспарды міндетті түрде орындауға тырысыңыз.

Суқұйғыш
Аптада жоспарыңыз түгелдей орындалады. Сол себепті уақытты үнемдеген жөн. Сізді ерекше мүмкіндік күтіп тұр. Сондықтан барлық жақсылықты қуана қабылдай білініз.

Балық
Бұл аптаны отбасыңызбен өткізіңіз. Жұмысты, жоспарды ысырып қойып, жақындардың қасында болыңыз. Өмірдің қызығын сезініп, отбасылық жылулықтың қадірін түсініңіз. Апта сіз ойлағаннан да қызықты өтеді.

Жалқаулықты жеңу ертегі емес

Жалқаулықты жеңу – ерік-жігер мықтылығы. Алайда мұндай табандылық көптің қолынан келе бермейді. Кейде жылдам бітер істі ертеңге қалдырып, жоспарлаған тірлікті кейінге ысырған шақта жалқаулықтың құрығына түскенімізді іштей сеземіз. Бұл көңіл бөлуді қажет етпейтін әдет көрінгенімен, адамның тұрмыстық-тұлғалық дамуын тежейтін бірден-бір олқылық екені анық. Кедейлікке сүйрейтін кесірдің бірі осында жатыр. Сондықтан бүгінгі жастың жалқаулықты ауыздықтаудың амалын іздеуі де орынды. Сонымен әбігерге салатын әдеттен құтылудың жолы қандай?

Ұсақ-түйекке мән берме
Кебі уақытын кофе, шай демдеу, поштасын тексеру, әлеуметтік желідегі жаңалықты оқу, сүйікті сайттағы жаңа киім топтамасын тамашалау секілді маңызды емес іспен бекерге өткізеді. Мұндай іспен айналысқан кезде жұмысқа бөлінген алтын уақыттың қалай зыр етіп өте шыққанын байқамай да қаласыз. Сондықтан мұндай ұсақ-түйек іске алданбай, бар зейінді жұмысқа шоғырландырыңыз.

Жұмыс жоспары
Ісің жылдам әрі табысты жүрсін десеңіз, онда ойға алған мақсаттың бәрін тізімдеп жазу қажет. Алдағы уақытқа жұмыс жоспарын жасаңыз. Ұзақмерзімді және қысқамерзімді жоспарлар құруды да ұмытпаңыз. Әсіресе, маңызды істерді бірнеше кезеңге бөліп қою керек. Осылайша ойлануға және демалуға уақыт таба аласыз.

Мотивация
Еңбегіңнің мәні туралы еске түсіретін амал істеу табысқа жетелейді. Мысалы, мақсат автокөлік сатып алу болса, оның қандай болу керек екенін анықтап, суретін компьютердің немесе телефонның жұмыс үстеліне орналастырып қоюға болады. Жұмысты не үшін атқарып жүргеніңді ескертіп тұратын аңдатпаны басып шығарған жөн. Сондай-ақ ұлы адамдардың мақсат, арман туралы қанатты сөзі жазылған және мотивациялық кітапты сатып алуды ұмытпаңыз. Бой босаңси бастағанда дереу сол кітаптарды оқыңыз. Қанатты сөздер міндетті түрде шабыттандырады.

Таңды дұрыс қарсы ал
Таулықтың 8 сағатын ұйқыға жұмсаңыз. Ал оянған сәтте төсектен бірден тұрып кетпей, бірнеше минут керіліп-созылып, жаңа күн туралы ойлану нәтиже бермек. Таңғы жаттығу жасауға ерінбей, бес минуттық жеңіл жаттығулардың өзі күні бойы сергек жүруге көмектесетінін ескеру қажет. Ыстық-суық суды кезектестіріп себезгіге (контрастный душ) түсу — ағзаны оятып, оған күш-қуат берудің ең жақсы әдісі. Таңғы ас — күннің жақсы басталуының кепілі. Ол жеңіл болу керек. Таңғы асқа сүзбе, астық дақылдары, жемістер, бөтқа және шырын жеткілікті болады.

Уақытты дұрыс пайдалану
Уақытты жоспарлау өнері — бос уақытыңды бір шыны-аяқ кофе ішуге де үнемдей алады. Біз қазір «уақыт жетпей қалды» деген түсініккке орын жоқ заманда өмір сүріп жатырмыз. Кейде берілген жұмыс көлемін бір сағатта немесе бір күнде орындау мүмкін емес сияқты көрініп кетеді. Сол кезде бізге көмекке тайм-менеджмент келеді. Өз міндеттерімізді орындау арқылы біз мақсатқа, арманға күн сайын жақындай береміз. Сол үшін де барынша тырысуға болады. Кейбір күнді саябақта серуендеу үшін, кино тамашалап немесе күні бойы ешнәрсе істемей, тек ескі суреттерді көріп жату үшін арнаған да жөн. Бірақ бұған бойы алдырып кетпеңіз. Жалқаулық — жақсы әдет емес.

Мен жарадым!
Өзіңізге шарт қою да нәтиже береді. Мысалы, егер жоспардағы істі атқара алсам, өзіме әдемі көйлек аламын деп ынталандыру керек. Сыйлық көлемі атқарылған іске байланысты болғаны да маңызды. Сондықтан, бәрі өз қолыңызда!

Үзіліс
Жұмыс арасында үзіліс жасап тұруды естен шығармаған абзал. 20-30 минут жұмыс істегеннен кейін 5 минут тыныштықта отыру немесе таза ауамен тыныстау денсаулыққа да пайдалы екені белгілі. Осындай үзілістен кейін істеген ісіңізді тыныққан мимен дұрыс бағалай аласыз.

Кейінге соза берме
Жалқаулықты бас көтермей тұрып жеңіп тастаңыз. Ең бастысы мұның жалқаулық немесе басқа бір сырқаттың белгілері екенін дұрыс анықтап, қателеспеу керек. Әлсіздік, көңілсіздік, ұйқышылдық? Егер осы аталған белгілер анық байқалмаса, онда бұл – жалқаулық.

Дайындаған Б.ШАҒЫРОВ

Кезекші редактор: Е.ШӘРІБЕК

АҚМЕШІТ жастары

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің тұпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU басна үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген.
«Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8517
Тапсырыс: 1644